

## **Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар қызметінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 218 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 29 сәуірдегі № 31 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 30 сәуірде № 18611 болып тіркелді.

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 3-тармағына және 143-бабының 1-тармағына, "Әділет органдары туралы" 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 22-1-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

### **1. Мыналар:**

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар қызметінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес авторлық құқықты басқару салаларында мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдардың қызметін тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес сабақтас құқықтарды басқару салаларында мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдардың қызметін тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес авторлардың, орындаушылардың, фонограммалар мен дыбыстау-бейнелеу туындыларын жасаушылардың фонограммалар мен дыбыстау-бейнелеу туындыларын жеке мақсатта және табыс алмай қайта шығарғаны үшін сыйақы алуға арналған құқықтарын жүзеге асыру саласында мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар қызметін тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес авторлық құқықты және сабақтас құқықтарды басқару саласында мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдардың қызметін тексеру парағы бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 09.06.2022 № 474 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.06.2022 № 474 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

**2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаменті:**

1) осы бірлескен бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін қазақ және орыс тілдерінде жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Әділет министрі*

*М. Бекетаев*

*Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі*

*Р. Дәленов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасының

Құқықтық статистика және

арнайы есепке алу

комитеті

Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің

2019 жылғы 22 сәуірдегі

№ 218 және

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

2019 жылғы 29 сәуірдегі

№ 31 бірлескен бұйрығына

1-қосымша

## **Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар қызметінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар қызметінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі - Өлшемшарттар) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 141-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларына

және тексеру парақтарының нысанына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

бақылау субъектісі – "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" 1996 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар (бұдан әрі – коммерциялық ұйым емес), жекеменшік мекемесі, республикалық қоғамдық бірлестігі, заңды тұлғалар бірлестігі;

тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне оның салдарының ауырлық дәрежесін ескергендегі зиян келтіру ықтималдығы;

тәуекелдерді бағалау жүйесі – бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау тағайындау мақсатында бақылау органы жүргізетін іс-шаралар кешені;

тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – қызметтің тәуекел дәрежесіне байланысты бақылау субъектілерін іріктеу үшін пайдалатынатын және жекелеген бақылау субъектісіне тікелей байланысты емес тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісі қызметінің нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін іріктеу үшін пайдалатынатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

тексеру парағы – бақылау субъектілерінің қызметіне қойылатын, оларды сақтамау жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптарды қамтитын талаптар тізбесі.

## **2-тарау. Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу тәсілдері**

3. Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптасады.

### **1-параграф. Объективті өлшемшарттар**

4. Бақылау субъектілерін тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызу бақылау субъектілерінің қызметі нәтижесінде жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығына қарай жүзеге асырылады.

5. Объективті өлшемдер бойынша тәуекел дәрежесі жоғары бақылау субъектілеріне коммерциялық емес ұйым, ұжымдық басқарудың мынадай салаларында қызметін жүзеге асыратын бақылау субъектілері жатады:

1) жария етілген музыкалық туындыларға (мәтіні бар немесе мәтінсіз) және музыкалық-драмалық туындылары үзінділерінің көпшілік алдында орындалуына,

жалпы жұрттың назарына кәбіл арқылы хабарлауға немесе ретрансляциялау арқылы эфирге беруге қатысты айрықша құқықтарды басқару;

2) дыбыстау-бейнелеу туындысында пайдаланылған музыкалық туындылардың (мәтіні бар немесе мәтінсіз) авторлары болып табылатын композиторлардың осындай дыбыстау-бейнелеу туындысын көпшілік алдында орындағаны немесе жалпы жұрттың назарына кәбіл арқылы хабарлағаны немесе эфирге бергені үшін сыйақы алуға арналған құқықтарын жүзеге асыру;

3) орындаушылардың коммерциялық мақсатта жарияланған фонограммаларды көпшілік алдында орындағаны үшін, сондай-ақ жалпы жұрттың назарына кәбіл арқылы хабарлағаны немесе эфирге бергені үшін сыйақы алуға арналған құқықтарын жүзеге асыру;

4) коммерциялық мақсатта жарияланған фонограммаларды көпшілік алдында орындағаны үшін, сондай-ақ жалпы жұрттың назарына кәбіл арқылы хабарлағаны немесе эфирге бергені үшін сыйақы алуға арналған құқықтарын жүзеге асыру;

5) эфирлік және кәбілдік хабар тарату ұйымдарының коммерциялық мақсатта жарияланған өз хабарларын көпшілік алдында орындағаны үшін, сондай-ақ жалпы жұрттың назарына кәбіл арқылы хабарлағаны немесе эфирге бергені үшін сыйақы алуға арналған құқықтарын жүзеге асыру;

6) бейнелеу өнерінің туындыларына қатысты қадағалау құқығын басқару;

7) жарияланған туындыларды көшіруге (репрографиялық қайта шығаруға) арналған құқықтарды басқару;

6. Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылмаған коммерциялық емес ұйымдар авторлардың, орындаушылардың, фонограммалар және дыбыстау-бейнелеу туындыларын жасаушылардың фонограммаларды және дыбыстау-бейнелеу туындыларын жеке мақсатта әрі табыс алмастан қайта шығару үшін сыйақы алуға арналған құқықтарын жүзеге асыру саласында қызметін жүзеге асыратын субъектілер.

7. Бақылау субъектілерінің тәуекел дәрежесін бағалау және оларды жоғары тәуекел тобына жатқызу оның салдарының ауырлық дәрежесі ескеріле отырып, бақылау субъектісі қызметінің нәтижесінде жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне зиян келтірудің барынша ықтималдығы негізінде объективті және субъективті өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады.

8. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне қатысты бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мақсатында субъективті өлшемшарттар қолданылады.

## **2-параграф. Субъективті өлшемшарттар**

9. Субъективті өлшемшарттарды айқындау:

- 1) дерекқорды қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

10. Деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау Қазақстан Республикасының мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар қызметі туралы заңнамасын бұзатын бақылау субъектілерін анықтау үшін қажет.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдер дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері:

расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны;

бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері;

бұрынғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері;

мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарын, бұқаралық ақпарат құралдарын талдау.

11. Тәуекел дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері:

1) "расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны" ақпарат көзі бойынша субъективті өлшемшарттар осы Өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес айқындалады;

2) "бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері" ақпарат көзі бойынша субъективті өлшемшарттар осы Өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес айқындалады;

3) "авторлардың, орындаушылардың, фонограмма және дыбыстау-бейнелеу туындыларын жасаушылардың фонограммалар мен дыбыстау-бейнелеу туындыларын жеке мақсатта және табыс алмай қайта шығарғаны үшін сыйақы алуға арналған құқықтарын жүзеге асыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне бару арқылы алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылаудың нәтижелері" ақпараттық көзі бойынша субъективті өлшемшарттар осы Өлшемшарттарға 3-қосымшаға сәйкес айқындалады;

4) "авторлық құқықты және сабақтас құқықтарды басқару саласындағы қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне бару арқылы алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылаудың нәтижелері" ақпараттық көзі бойынша субъективті өлшемшарттар осы Өлшемшарттарға 4-қосымшаға сәйкес айқындалады.

5) "мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының ресми интернет-ресурстарын талдау нәтижелері" ақпарат көзі бойынша субъективті өлшемшарттар осы Өлшемшарттарға 5-қосымшаға сәйкес айқындалады.

12. Проблеманың ықтимал тәуекеліне және маңыздылығына, бұзушылықтың даралығына немесе жүйелілігіне, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына сәйкес бұзушылық дәрежесіне сәйкес келетін субъективті өлшемшарттар айқындалады – өрескел, елеулі және елеусіз.

Өрескел бұзушылық – бақылау объектілерінің зияткерлік меншік саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген міндеттерді уәкілетті органға жылдық есепті ұсыну, авторларға және құқық иеленушілерге сыйақы бөлмеу және төлемеу бөлігінде бұзу және орындамау, әкімшілік шығыстарды жабуға жиналған сыйақының

жалпы сомасының отыз пайызынан астамын пайдалану, мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдарға беру туралы шарттардың, авторлардың, орындаушылардың, фонограмма жасаушылардың құқықтарын басқару өкілеттіктерінің болмауы, "Туындыларды пайдаланудың кейбір түрлері үшін авторлық сыйақының ең төменгі ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 қазандағы N 1083, "Орындаушыларға және фонограммалар шығарушыларға берілетін сыйақының ең төменгі ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 23 қарашадағы № 1373 қаулыларымен белгіленген ең төменгі сыйақы мөлшерлемелерінен төмен сыйақы мөлшерлемелерін қолдану бөлігінде бұзу және орындамау.

Елеулі бұзушылық – бақылау субъектілерінің зияткерлік меншік саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген міндеттерді жылдық балансты, жылдық есепті, жиналған, бөлінген, бөлінбеген, төленген, төленбеген, талап етілмеген сыйақылар туралы мәліметтерді қоса алғанда, есепті кезеңнен кейінгі 15 сәуірден кешіктірмей ұсынбау, есептерді бұрмалау, жиналған авторлық сыйақыны аудару үшін авторларды, орындаушыларды, фонограмма жасаушыларды іздеу жөнінде шаралар қолданбауы бөлігінде бұзуы және орындамауы.

Елеусіз бұзушылық – бақылау субъектісіне жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан келіп түскен бір расталған шағымның не өтініштің болуы, авторлық құқық немесе сабақтас құқықтар объектілерін пайдаланғаны үшін сыйақы жинау, бөлу және төлеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жергілікті жерлердегі филиалдар мен өкілдіктер туралы ақпаратты ұсынбау.

13. Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылықтар анықталмаса, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау үшін елеулі және елеусіз дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

Елеулі дәрежедегі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициент қолданылады және аосы көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\sum P_3 = (\sum P_2 \times 100 / \sum P_1) \times 0,7$$

мұнда:

$\sum P_3$  – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$\sum P_1$  – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$\sum P_2$  - анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Елеусіз дәрежедегі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициент қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\sum P_H = (\sum P_2 \times 100 / \sum P_1) \times 0,3$$

мұнда:

- $\sum P_n$  – елеусіз бұзушылықтардың көрсеткіші;
- $\sum P_1$  – елеусіз бұзушылықтардың талап етілетін саны;
- $\sum P_2$  – анықталған елеусіз бұзушылықтардың саны.

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші ( $\sum P$ ) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және көрсеткіштерді мынадай формула бойынша қосу арқылы айқындалады :

$$\sum P = \sum P_3 + \sum P_n$$

мұнда:

- $\sum P$  – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;
- $\sum P_3$  – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;
- $\sum P_n$  – елеусіз бұзушылықтардың көрсеткіші.

12. Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі:

1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 61-ден бастап 100-ді қоса алғанға дейін болса және оған қатысты бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілсе – тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылады;

2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 60-қа дейін болса және оған қатысты бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілмесе – тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылмаған болып есептеледі.

13. Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жиілігі жылына бір реттен жиі болмауға тиіс.

Тәуекел дәрежесін талдау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектісіне қатысты бұрын есепке алынған және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері қолданылмайды.

14. Бақылау субъектісіне бару арқылы жүргізілетін профилактикалық бақылау тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің ең жоғары дәрежесі көрсеткіші бар бақылау субъектілерінің басымдылығы ескеріле отырып жасалады.

Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар қызметінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына  
1-қосымша

### "Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны" ақпарат көзі бойынша субъективті өлшемшарттар

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 30.09.2022 № 822 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.09.2022 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі

1.	Бір жыл ішінде бақылау субъектілеріне жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан келіп түскен бір расталған шағымның не өтініштің болуы	елеусіз
2.	Бір жыл ішінде бақылау субъектілеріне жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан келіп түскен екі расталған шағымның не өтініштің болуы	елеулі
3.	Бір жыл ішінде бақылау субъектілеріне жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан келіп түскен үш және одан да көп расталған шағымның не өтініштің болуы	өрескел

Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар қызметінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына  
2-қосымша

## "Бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері" ақпарат көзі бойынша субъективті өлшемшарттар

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 30.09.2022 № 822 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.09.2022 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1.	Ұсынылған есептерде жиналған, бөлінген, бөлінбеген, төленген, төленбеген, талап етілмеген сыйақылар туралы мәліметтерді қоса алғанда, жылдық балансты, жылдық есепті уәкілетті органға ұсынбау	өрескел
2.	Жиналған, бөлінген, бөлінбеген, төленген, төленбеген, талап етілмеген сыйақылар туралы мәліметтерді қоса алғанда, жылдық балансты, жылдық есепті уәкілетті органға есепті кезеңнен кейінгі 15 сәуірден кешіктіріп ұсыну	елеулі
	Ұйымның жарғысына және өзге де құрылтай құжаттарына енгізілген	



3.	өзгерістерді уәкілетті органға ұсынбау	өрескел
4.	Ұйымның жарғысына және өзге де құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістерді уәкілетті органға есепті кезеңнен кейінгі 15 сәуірден кешіктіріп ұсыну	елеулі
5.	Авторлық құқық немесе сабақтас құқықтар объектілерін пайдаланғаны үшін сыйақыны жинау, бөлу және төлеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жергілікті жерлердегі филиалдар мен өкілдіктер туралы ақпаратты уәкілетті органға ұсынбау	өрескел
6.	Авторлық құқық немесе сабақтас құқықтар объектілерін пайдаланғаны үшін сыйақыны жинау, бөлу және төлеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жергілікті жерлердегі филиалдар мен өкілдіктер туралы ақпаратты уәкілетті органға есепті кезеңнен кейінгі 15 сәуірден кешіктіріп ұсыну	елеулі
7.	Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын шетелдік ұйымдармен жасасқан екіжақты және көпжақты келісімдердің көшірмелерін уәкілетті органға ұсынбау	өрескел
8.	Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын шетелдік ұйымдармен жасасқан екіжақты және көпжақты келісімдердің көшірмелерін уәкілетті органға есепті кезеңнен кейінгі 15 сәуірден кешіктіріп ұсыну	елеулі
9.	Жалпы жиналыстың шешімдерінің көшірмелерін уәкілетті органға ұсынбау	өрескел
10.	Жалпы жиналыстың шешімдерінің көшірмелерін уәкілетті органға есепті кезеңнен кейінгі 15 сәуірден кешіктіріп ұсыну	елеулі
11.	Уәкілетті органға екі жылда бір рет есепті кезеңнен кейінгі 15 сәуірден кешіктірмей ұсынылатын аудиторлық есепті ұсынбау	өрескел

12.	Уәкілетті органға аудиторлық есепті екі жылда бір рет есепті кезеңнен кейінгі 15 сәуірден кешіктіріп ұсыну	елеулі
13.	Құқық иеленушілер үшін бес жыл бойы ашық қолжетімділікте болуға тиіс аудиторлық қорытындыны және тексеру нәтижелерін тиісті бухгалтерлік (қаржылық) есептілікпен бірге бекітілген (қол қойылған) күннен бастап бір ай мерзімде ұйым интернет-ресурсында жарияланбауы	өрескел
14.	Авторлардың, орындаушылардың, фонограмма шығарушылардың, дыбыстау-бейнелеу туындыларын шығарушылардың және өзге де құқық иеленушілердің құқықтарын басқару өкілеттіктерін мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдарға беру туралы шарттардың болмауы	өрескел
15.	Құқық иеленушілер, басқаруға берілген құқықтар, сондай-ақ авторлық және сабақтас құқықтар объектілері туралы мәліметтерді қамтитын тізілімдердің болмауы	өрескел
16.	Сыйақыны жинау, бөлу және төлеу бойынша өзінің нақты шығыстарын жабуға арналған, сондай-ақ арнаулы қорларға жіберілетін сомалардың жиналған сыйақының жалпы сомасының отыз пайызынан асуы	өрескел
17.	Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымның қызметі туралы хабар беру мақсатындағы интернет-ресурстың болмауы	өрескел
18.	Интернет-ресурстың тәулік бойы режимде қолжетімділігін, онда орналастырылатын ақпараттың ашықтығын, сондай-ақ осындай ақпараттың өтеусіз негізде берілуін қамтамасыз етпеу	өрескел
	Авторлық немесе сабақтас құқықтар объектісінің атауын, автордың немесе өзге құқық иеленушінің атын, ал мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде	

19.	басқаратын ұйыммен өзара мүдделілік білдіру туралы шарттар бойынша құқықтар берілген жағдайда – осындай ұйымның атауын қоса алғанда, өзіне басқаруға берілген құқықтар , сыйақы мөлшерлемелері туралы ақпараттың ұйым интернет-ресурсында болмауы	өрескел
20.	Ұйым өкілдері туралы ақпараттың ұйым интернет-ресурсында болмауы	елеулі
21.	Уәкілетті органға жіберілетін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында, өзінің интернет-ресурсында жарияланған есептердің болмауы	елеулі
22.	Пайдаланушының атауын және оның тұрған жерін, сондай-ақ осындай шарттың жасасқан күнін қоса алғанда, пайдаланушылармен жасасқан лицензиялық шарттар туралы ақпараттың ұйым интернет-ресурсында болмауы	елеулі
23.	Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын шетелдік ұйымдармен жасасқан екіжақты және көпжақты келісімдер туралы ақпараттың ұйым интернет-ресурсында болмауы	елеусіз
24.	Ұйымның авторлық және сабақтас құқықтарды иеленушілерге ұйымның интернет-ресурсындағы жеке кабинет арқылы ұсынатын олардың құқықтарын пайдалану, оның ішінде жиналған сыйақы мөлшері туралы және одан ұсталған сомалар туралы мәліметтерді қамтитын есептердің болмауы	өрескел

Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар қызметінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына  
3-қосымша

**"Авторлардың, орындаушылардың, фонограммалар және дыбыстау-бейнелеу туындыларын шығарушылардың фонограммаларды және дыбыстау-бейнелеу туындыларын жеке мақсатта әрі табыс алмастан қайта шығару үшін сыйақы алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне алдыңғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық**

**бақылаудың нәтижелері" ақпараттық көзі бойынша субъективті өлшемшарттар (ауырлық дәрежесі төменде аталған талаптар сақталмаған жағдайда белгіленеді)**

**Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 30.09.2022 № 822 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.09.2022 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1.	Уәкілетті органға жыл сайынғы есепті ұсынбау	өрескел
2.	Жыл сайынғы есепті уәкілетті органға есепті кезеңнен кейінгі 15 сәуірден кешіктіріп ұсыну	елеулі
3.	Уәкілетті органға екі жылда бір рет есепті кезеңнен кейінгі 15 сәуірден кешіктірмей ұсынылатын аудиторлық есепті ұсынбау	өрескел
4.	Уәкілетті органға екі жылда бір рет есепті кезеңнен кейінгі 15 сәуірден кешіктірмей ұсынылатын аудиторлық есепті кешіктіріп ұсыну	елеулі
5.	Құқық иеленушілер үшін бес жыл бойы ашық қолжетімділікте болуға тиіс аудиторлық қорытындыны және тексеру нәтижелерін тиісті бухгалтерлік (қаржылық) есептілікпен бірге бекітілген (қол қойылған) күннен бастап бір ай мерзімде ұйым интернет-ресурсында жарияланбауы	өрескел
6.	Уәкілетті органға жіберілетін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында, өзінің интернет-ресурсында жарияланған есептердің болмауы	елеулі
7.	Авторлардың, орындаушылардың, фонограмма шығарушылардың, дыбыстау-бейнелеу туындыларын шығарушылардың және өзге де құқық иеленушілердің құқықтарын басқару өкілеттіктерін мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдарға беру туралы шарттардың болмауы	өрескел

8.	Құқық иеленушілер, басқаруға берілген құқықтар туралы, сондай-ақ авторлық және сабақтас құқықтар объектілері туралы мәліметтерді қамтитын тізімдердің болмауы	өрескел
9.	Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымның қызметі туралы хабар беру мақсатында интернет-ресурстың болмауы	өрескел
10.	Интернет-ресурстың тәулік бойы режимде қолжетімділігін, онда орналастырылатын ақпараттың ашықтығын, сондай-ақ осындай ақпараттың өтеусіз негізде берілуін қамтамасыз етпеу	өрескел
11.	Авторлық немесе сабақтас құқықтар объектісінің атауын, автордың немесе өзге құқық иеленушінің атын, ал мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйыммен өзара мүдделілік білдіру туралы шарттар бойынша құқықтар берілген жағдайда – осындай ұйымның атауын қоса алғанда, өзіне басқаруға берілген құқықтар, сыйақы мөлшерлемелері туралы ақпараттың ұйым интернет-ресурсында болмауы	өрескел
12.	Ұйым өкілдері туралы ақпараттың ұйым интернет-ресурсында болмауы	елеулі
13.	Пайдаланушының атауын және оның тұрған жерін, сондай-ақ осындай шарттың жасасқан күнін қоса алғанда, пайдаланушылармен жасасқан лицензиялық шарттар туралы ақпараттың ұйым интернет-ресурсында болмауы	елеулі
14.	Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын шетелдік ұйымдармен жасасқан екіжақты және көпжақты келісімдер туралы ақпараттың ұйым интернет-ресурсында болмауы	елеусіз
	Ұйымның авторлық және сабақтас құқықтарды иеленушілерге ұйымның интернет-ресурсындағы жеке кабинет арқылы ұсынатын олардың құқықтарын пайдалану,	

15.	оның ішінде жиналған сыйақы мөлшері туралы және одан ұсталған сомалар туралы мәліметтерді қамтитын есептердің болмауы	өрескел
16.	Сыйақыны жинау, бөлу және төлеу бойынша өзінің нақты шығыстарын жабуға арналған, сондай-ақ арнаулы қорларға жіберілетін сомалардың жиналған сыйақының жалпы сомасының отыз пайызынан асуы	өрескел
17.	Ұйым жасасқан лицензиялық шарттарға және сыйақы төлеу туралы шарттарға сәйкес сыйақы алуға құқығы бар құқық иеленушілерді белгілеу бойынша қабылданған шаралар, оның ішінде мүлктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын басқа да ұйымдардан, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпаратты осы мақсатта пайдалану туралы растаушы материалдардың болмауы	елеулі
18.	Жиналған авторлық сыйақыны аудару үшін авторларды, орындаушыларды, фонограмма жасаушыларды, дыбыстау-бейнелеу туындыларын шығарушыларды және өзге де құқық иеленушілерді іздеу бойынша шараларды қабылдауды растайтын материалдардың болмауы	елеулі
19.	Арнайы қорларға жиналған сыйақы сомаларын жіберу бойынша ұйым мүшелері келісімдерінің болмауы	өрескел
20.	Жалпы жиналыстың өткізілетіні туралы хабардар етпеу және оған уәкілетті органның өкіліне қолжетімділікті қамтамасыз етпеу	елеулі

Мүлктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар қызметінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына  
4-қосымша

**"Авторлық құқықты және сабақтас құқықтарды басқару саласындағы қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне алдыңғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері" ақпараттық көзі бойынша субъективті өлшемшарттар (ауырлық дәрежесі төменде аталған талаптар сақталмаған жағдайда белгіленеді)**

**Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 30.09.2022 № 822 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.09.2022 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1.	Уәкілетті органға жыл сайынғы есепті ұсынбау	өрескел
2.	Жыл сайынғы есепті уәкілетті органға есепті кезеңнен кейінгі 15 сәуірден кешіктіріп ұсыну	елеулі
3.	Уәкілетті органға екі жылда бір рет есепті кезеңнен кейінгі 15 сәуірден кешіктірмей ұсынылатын аудиторлық есептің ұсынбау	өрескел
4.	Уәкілетті органға аудиторлық есепті екі жылда бір рет есепті кезеңнен кейінгі 15 сәуірден кешіктіріп ұсыну	елеулі
5.	Құқық иеленушілер үшін бес жыл бойы ашық қолжетімділікте болуға тиіс аудиторлық қорытындыны және тексеру нәтижелерін тиісті бухгалтерлік (қаржылық) есептілікпен бірге бекітілген (қол қойылған) күннен бастап бір ай мерзімде ұйым интернет-ресурсында жарияланбауы	өрескел
6.	Уәкілетті органға жіберілетін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында, өзінің интернет-ресурсында жарияланған есептердің болмауы	елеулі
7.	Сыйақыны жинау, бөлу және төлеу бойынша өзінің нақты шығыстарын жабуға арналған, сондай-ақ арнаулы қорларға жіберілетін сомалардың жиналған сыйақының жалпы сомасының отыз пайызынан асуы	өрескел

8.	Авторлардың, орындаушылардың, фонограмма шығарушылардың, дыбыстау-бейнелеу туындыларын шығарушылардың және өзге де құқық иеленушілердің құқықтарын басқару өкілеттіктерін мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдарға беру туралы шарттардың болмауы	өрескел
9.	Құқық иеленушілер, басқаруға берілген құқықтар, сондай-ақ авторлық және сабақтас құқықтар объектілері туралы мәліметтерді қамтитын тізілімдердің болмауы	өрескел
10.	Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымның қызметі туралы хабар беру мақсатында интернет-ресурстың болмауы	өрескел
11.	Интернет-ресурстың тәулік бойы режимде қолжетімділігін, онда орналастырылатын ақпараттың ашықтығын, сондай-ақ осындай ақпараттың өтеусіз негізде берілуін қамтамасыз етпеу	өрескел
12.	Авторлық немесе сабақтас құқықтар объектісінің атауын, автордың немесе өзге құқық иеленушінің атын, ал мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйыммен өзара мүдделілік білдіру туралы шарттар бойынша құқықтар берілген жағдайда – осындай ұйымның атауын қоса алғанда, өзіне басқаруға берілген құқықтар, сыйақы мөлшерлемелері туралы ақпараттың ұйым интернет-ресурсында болмауы	өрескел
13.	Ұйым өкілдері туралы ақпараттың ұйым интернет-ресурсында болмауы	елеулі
14.	Пайдаланушының атауын және оның тұрған жерін, сондай-ақ осындай шарттың жасасқан күнін қоса алғанда, пайдаланушылармен жасасқан лицензиялық шарттар туралы ақпараттың ұйым интернет-ресурсында болмауы	елеулі
	Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын шетелдік	



15.	ұйымдармен жасалған екіжақты және көпжақты келісімдер туралы ақпараттың ұйым интернет-ресурсында болмауы	елеусіз
16.	Ұйымның авторлық және сабақтас құқықтарды иеленушілерге ұйымның интернет-ресурсындағы жеке кабинет арқылы ұсынатын олардың құқықтарын пайдалану, оның ішінде жиналған сыйақы мөлшері және одан ұсталған сомалар туралы мәліметтерді қамтитын есептердің болмауы	өрескел
17.	Ұйым жасасқан лицензиялық шарттарға және сыйақы төлеу туралы шарттарға сәйкес сыйақы алуға құқығы бар құқық иеленушілерді белгілеу бойынша қабылданған шаралар, оның ішінде мүлктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын басқа да ұйымдардан, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпаратты осы мақсатта пайдалану туралы растаушы материалдардың болмауы	елеулі
18.	Жиналған авторлық сыйақыны аудару үшін авторларды, орындаушыларды, фонограмма жасаушыларды, дыбыстау-бейнелеу туындыларын шығарушыларды және өзге де құқық иеленушілерді іздеу бойынша шараларды қабылдауды растайтын материалдардың болмауы	елеулі
19.	Арнаулы қорларға жиналған сыйақы сомаларын жіберу бойынша ұйым мүшелері келісімдерінің болмауы	өрескел
20.	Жалпы жиналыстың өткізілетіні туралы хабардар етпеу және оған уәкілетті органның өкіліне қолжетімділікті қамтамасыз етпеу	елеулі
	Бір туындыны немесе бағдарламаны көпшілік алдында орындағаны үшін билеттерді сатудан түскен жалпы алым сомасының, шарт бойынша кепілді төлем сомасының не	

21.	<p>табыстардың өзге сомасының пайызымен пьесаларды (төлтума драмалық туындыларды) көпшілік алдында орындау арқылы пайдаланғаны үшін келесі авторлық сыйақы мөлшерлемелерінен төмен қолдану:</p> <p>проза түріндегі көп актілі туындылар үшін – 11</p> <p>проза түріндегі бір актілі туындылар үшін – 5,5</p> <p>өлең түріндегі көп актілі туындылар үшін – 13</p> <p>өлең түріндегі бір актілі туындылар үшін – 6,5</p>	өрескел
22.	<p>Бір туындыны немесе бағдарламаны көпшілік алдында орындағаны үшін билеттерді сатудан түскен жалпы алым сомасының, шарт бойынша кепілді төлем сомасының не табыстардың өзге сомасының пайызымен балаларға арналған пьесаларды (төлтума драмалық туындыларды) көпшілік алдында орындау арқылы пайдаланғаны үшін келесі авторлық сыйақы мөлшерлемелерінен төмен қолдану:</p> <p>проза түріндегі көп актілі туындылар үшін – 12</p> <p>проза түріндегі бір актілі туындылар үшін – 6</p> <p>өлең түріндегі көп актілі туындылар үшін – 13</p> <p>өлең түріндегі бір актілі туындылар үшін – 7</p>	өрескел
23.	<p>Бір туындыны немесе бағдарламаны көпшілік алдында орындағаны үшін билеттерді сатудан түскен жалпы алым сомасының, шарт бойынша кепілді төлем сомасының не табыстардың өзге сомасының пайызымен қуыршақпен орындалатын пьесаларды (төлтума драмалық туындыларды) көпшілік алдында орындау арқылы пайдаланғаны үшін келесі авторлық сыйақы мөлшерлемелерінен төмен қолдану:</p>	өрескел

	<p>проза түріндегі көп актілі туындылар үшін – 14</p> <p>проза түріндегі бір актілі туындылар үшін – 9</p> <p>өлең түріндегі көп актілі туындылар үшін – 15</p> <p>өлең түріндегі бір актілі туындылар үшін – 10</p>	
24.	<p>Бір туындыны немесе бағдарламаны көпшілік алдында орындағаны үшін билеттерді сатудан түскен жалпы алым сомасының, шарт бойынша кепілді төлем сомасының не табыстардың өзге сомасының пайызымен сахналауды көпшілік алдында орындау арқылы пайдаланғаны үшін келесі авторлық сыйақы мөлшерлемелерінен төмен қолдану:</p> <p>Авторлық құқықпен қорғалмайтын туындыларды сахналау үшін:</p> <p>көп актілі туындылар үшін – 7,5</p> <p>бір актілі туындылар үшін – 5</p>	өрескел
25.	<p>Бір туындыны немесе бағдарламаны көпшілік алдында орындағаны үшін билеттерді сатудан түскен жалпы алым сомасының, шарт бойынша кепілді төлем сомасының не табыстардың өзге сомасының пайызымен сахналауды көпшілік алдында орындау арқылы пайдаланғаны үшін келесі авторлық сыйақы мөлшерлемелерінен төмен қолдану:</p> <p>Авторлық құқықпен қорғалатын туындыны сахналау үшін:</p> <p>көп актілі туындылар үшін – 10,5</p> <p>бір актілі туындылар үшін – 5</p>	өрескел
	<p>Бір туындыны немесе бағдарламаны көпшілік алдында орындағаны үшін билеттерді сатудан түскен жалпы алым сомасының, шарт бойынша кепілді төлем сомасының не табыстардың өзге сомасының пайызымен аударма драмалық туындыларды көпшілік алдында орындау арқылы пайдаланғаны</p>	

26.	<p>үшін келесі авторлық сыйақы мөлшерлемелерінен төмен қолдану:</p> <p>Авторлық құқықпен қорғалмайтын пьесалар аудармасы үшін:</p> <p>проза түріндегі көп актілі туындылар үшін – 6,5</p> <p>проза түріндегі бір актілі туындылар үшін – 4</p> <p>өлең түріндегі көп актілі туындылар үшін – 7,5</p> <p>өлең түріндегі бір актілі туындылар үшін – 4</p>	өрескел
27.	<p>Бір туындыны немесе бағдарламаны көпшілік алдында орындағаны үшін билеттерді сатудан түскен жалпы алым сомасының, шарт бойынша кепілді төлем сомасының не табыстардың өзге сомасының пайызымен аударма драмалық туындыларды көпшілік алдында орындау арқылы пайдаланғаны үшін келесі авторлық сыйақы мөлшерлемелерінен төмен қолдану:</p> <p>Авторлық құқықпен қорғалатын пьесаларды аудармасы үшін:</p> <p>проза түріндегі көп актілі туындылар үшін – 9,5</p> <p>проза түріндегі бір актілі туындылар үшін – 5,5</p> <p>өлең түріндегі көп актілі туындылар үшін – 11,5</p> <p>өлең түріндегі бір актілі туындылар үшін – 6</p>	өрескел
28.	<p>Бір туындыны немесе бағдарламаны көпшілік алдында орындағаны үшін билеттерді сатудан түскен жалпы алым сомасының, шарт бойынша кепілді төлем сомасының не табыстардың өзге сомасының пайызымен аударма драмалық туындыларды көпшілік алдында орындау арқылы пайдаланғаны үшін келесі авторлық сыйақы мөлшерлемелерінен төмен қолдану:</p> <p>Авторлық құқықпен қорғалатын сахналаудың аудармасы үшін:</p> <p>көп актілі туындылар үшін – 10,5</p>	өрескел

	бір актілі туындылар үшін – 5	
29.	<p>Бір туындыны немесе бағдарламаны көпшілік алдында орындағаны үшін билеттерді сатудан түскен жалпы алым соманың, шарт бойынша кепілді төлем сомасының не табыстардың өзге сомасының пайызымен музыкалық-драмалық туындыларды көпшілік алдында орындау арқылы пайдаланғаны үшін келесі авторлық сыйақы мөлшерлемелерінен төмен қолдану:</p> <p>Опера үшін: көп актілі туындылар үшін – 18,5 бір актілі туындылар үшін – 8</p>	өрескел
30.	<p>Бір туындыны немесе бағдарламаны көпшілік алдында орындағаны үшін билеттерді сатудан түскен жалпы алым сомасының, шарт бойынша кепілді төлем сомасының не табыстардың өзге сомасының пайызымен музыкалық-драмалық туындыларды көпшілік алдында орындау арқылы пайдаланғаны үшін келесі авторлық сыйақы мөлшерлемелерінен төмен қолдану:</p> <p>Либреттосы аударылған опера үшін: көп актілі туындылар үшін – 18,5 бір актілі туындылар үшін – 8</p>	өрескел
31.	<p>Бір туындыны немесе бағдарламаны көпшілік алдында орындағаны үшін билеттерді сатудан түскен жалпы алым сомасының, шарт бойынша кепілді төлем сомасының не табыстардың өзге сомасының пайызымен музыкалық-драмалық туындыларды көпшілік алдында орындау арқылы пайдаланғаны үшін келесі авторлық сыйақы мөлшерлемелерінен төмен қолдану:</p> <p>Балет үшін: көп актілі туындылар үшін – 15 бір актілі туындылар үшін – 7</p>	өрескел
	Бір туындыны немесе бағдарламаны көпшілік алдында	

32.	<p>орындағаны үшін билеттерді сатудан түскен жалпы алым сомасының, шарт бойынша кепілді төлем сомасының не табыстардың өзге сомасының пайызымен музыкалық-драмалық туындыларды көпшілік алдында орындау арқылы пайдаланғаны үшін келесі авторлық сыйақы мөлшерлемелерінен төмен қолдану:</p> <p>Оперетта, музыкалық комедия, мюзикл үшін:</p> <p>көп актілі туындылар үшін – 12 бір актілі туындылар үшін – 5,5</p>	өрескел
33.	<p>Бір туындыны немесе бағдарламаны көпшілік алдында орындағаны үшін билеттерді сатудан түскен жалпы алым сомасының, шарт бойынша кепілді төлем сомасының не табыстардың өзге сомасының пайызымен музыкалық-драмалық туындыларды көпшілік алдында орындау арқылы пайдаланғаны үшін келесі авторлық сыйақы мөлшерлемелерінен төмен қолдану:</p> <p>Мәтіні аударылған оперетта, музыкалық комедия, мюзикл үшін :</p> <p>көп актілі туындылар үшін – 12,5 бір актілі туындылар үшін – 6</p>	өрескел
34.	<p>Бір туындыны немесе бағдарламаны көпшілік алдында орындағаны үшін билеттерді сатудан түскен жалпы алым сомасының, шарт бойынша кепілді төлем сомасының не табыстардың өзге сомасының пайызымен музыкалық-драмалық туындыларды көпшілік алдында орындау арқылы пайдаланғаны үшін келесі авторлық сыйақы мөлшерлемелерінен төмен қолдану:</p> <p>Драмалық туындыларды сүйемелдейтін музыка үшін – 1 (музыкамен сүйемелденетін әрбір акт үшін)</p>	өрескел
	<p>Бір туындыны немесе бағдарламаны көпшілік алдында орындағаны үшін билеттерді</p>	

35.	<p>сатудан түскен жалпы алым сомасының, шарт бойынша кепілді төлем сомасының не табыстардың өзге сомасының пайызымен концерттік, эстрадалық, цирк, би бағдарламаларын көпшілік алдында орындау арқылы пайдаланғаны үшін келесі авторлық сыйақы мөлшерлемелерінен төмен қолдану:</p> <p>Халық аспаптарына арналған симфониялық, вокалдық-симфониялық, камералық туындылардан концерт, хореографиялық концерт үшін – 7</p>	өрескел
36.	<p>Бір туындыны немесе бағдарламаны көпшілік алдында орындағаны үшін билеттерді сатудан түскен жалпы алым сомасының, шарт бойынша кепілді төлем сомасының не табыстардың өзге сомасының пайызымен концерттік, эстрадалық, цирк, би бағдарламаларын көпшілік алдында орындау арқылы пайдаланғаны үшін келесі авторлық сыйақы мөлшерлемелерінен төмен қолдану:</p> <p>Концерттер, оның ішінде эстрадалық және басқалар, айтыстар және терме үшін – 4</p>	өрескел
37.	<p>Бір туындыны немесе бағдарламаны көпшілік алдында орындағаны үшін билеттерді сатудан түскен жалпы алым сомасының, шарт бойынша кепілді төлем сомасының не табыстардың өзге сомасының пайызымен концерттік, эстрадалық, цирк, би бағдарламаларын көпшілік алдында орындау арқылы пайдаланғаны үшін келесі авторлық сыйақы мөлшерлемелерінен төмен қолдану:</p> <p>Цирк бағдарламасы үшін – 1,5</p>	өрескел

38.	<p>Бір туындыны немесе бағдарламаны көпшілік алдында орындағаны үшін билеттерді сатудан түскен жалпы алым сомасының, шарт бойынша кепілді төлем сомасының не табыстардың өзге сомасының пайызымен концерттік, эстрадалық, цирк, би бағдарламаларын көпшілік алдында орындау арқылы пайдаланғаны үшін келесі авторлық сыйақы мөлшерлемелерінен төмен қолдану:</p> <p>Цирк бағдарламасында кемінде бір дербес бөлімнен тұратын пантомима, феерия, балет орындалғаны үшін – 1 (әрбір бөлім үшін)</p>	өрескел
39.	<p>Бір туындыны немесе бағдарламаны көпшілік алдында орындағаны үшін билеттерді сатудан түскен жалпы алым соманың, шарт бойынша кепілді төлем сомасының не табыстардың өзге сомасының пайызымен концерттік, эстрадалық, цирк, би бағдарламаларын көпшілік алдында орындау арқылы пайдаланғаны үшін келесі авторлық сыйақы мөлшерлемелерінен төмен қолдану:</p> <p>Цирк бағдарламасында кемінде бір дербес бөлімнен тұратын сюжеттік аттракцион орындалғаны үшін – 1 (әрбір бөлім үшін)</p>	өрескел
40.	<p>Бір туындыны немесе бағдарламаны көпшілік алдында орындағаны үшін билеттерді сатудан түскен жалпы алым сомасының, шарт бойынша кепілді төлем сомасының не табыстардың өзге сомасының пайызымен концерттік, эстрадалық, цирк, би бағдарламаларын көпшілік алдында орындау арқылы пайдаланғаны үшін келесі</p>	өрескел



	<p>авторлық сыйақы мөлшерлемелерінен төмен қолдану:</p> <p>Кемінде бір дербес бөлімнен тұратын цирк пантомимасын, феерияны, балетті, аттракционды сүйемелдеу үшін арнайы жазылған төлтума музыка – 0,5 (осы бағдарламаларды орындағаны үшін есептелімдерге қарамастан әрбір орындалғаны бөлім үшін)</p>	
41.	<p>Бір туындыны немесе бағдарламаны көпшілік алдында орындағаны үшін билеттерді сатудан түскен жалпы алым сомасының, шарт бойынша кепілді төлем сомасының не табыстардың өзге сомасының пайызымен концерттік, эстрадалық, цирк, би бағдарламаларын көпшілік алдында орындау арқылы пайдаланғаны үшін келесі авторлық сыйақы мөлшерлемелерінен төмен қолдану:</p> <p>Театрландырылған, эстрадалық, толық сюжетті жаңа жылдық қойылымдар үшін – 3</p>	өрескел
42.	<p>Бір туындыны немесе бағдарламаны көпшілік алдында орындағаны үшін билеттерді сатудан түскен жалпы алым сомасының, шарт бойынша кепілді төлем сомасының не табыстардың өзге сомасының пайызымен концерттік, эстрадалық, цирк, би бағдарламаларын көпшілік алдында орындау арқылы пайдаланғаны үшін келесі авторлық сыйақы мөлшерлемелерінен төмен қолдану:</p> <p>Қуыршақ-марионеткалар спектаклін (әдеби мәтінсіз) және төлтума жанр әртістерінің (иллюзионистердің, психоэкспериментшілердің, экстрасенстердің) өнер көрсетуін сүйемелдейтін музыка үшін – 0,5</p>	өрескел
	<p>Бір туындыны немесе бағдарламаны көпшілік алдында</p>	

43.	<p>орындағаны үшін билеттерді сатудан түскен жалпы алым сомасының, шарт бойынша кепілді төлем сомасының не табыстардың өзге сомасының пайызымен концерттік, эстрадалық, цирк, би бағдарламаларын көпшілік алдында орындау арқылы пайдаланғаны үшін келесі авторлық сыйақы мөлшерлемелерінен төмен қолдану:</p> <p>1) би алаңдарында, дискотекаларда, клубтарда, дәмханаларда, мейрамханаларда, казиноларда ақы төлеп кіргенде де , кепілді төлем сомасынан да, оның ішінде мүшелік жарналардың, клуб карточкаларының құнынан және соған ұқсастардан; – 4</p> <p>2) көлікте (ұшақта, пойызда) орындағаны үшін – 0,001 ( билеттердің құнынан)</p>	өрескел
44.	<p>Бір туындыны немесе бағдарламаны көпшілік алдында орындағаны үшін билеттерді сатудан түскен жалпы алым сомасының, шарт бойынша кепілді төлем сомасының не табыстардың өзге сомасының пайызымен концерттік, эстрадалық, цирк, би бағдарламаларын көпшілік алдында орындау арқылы пайдаланғаны үшін келесі авторлық сыйақы мөлшерлемелерінен төмен қолдану:</p> <p>Ақы төлеп кіретін көпшілік ареналарда орындалатын мәтіні бар немесе мәтіні жоқ музыкалық туындыларды спорт жарыстарын, спортшылардың өнер көрсетулерін, ойын аттракциондарын, сән көрсетулерін, көрмелер, жәрмеңкелер, фестивальдар, конкурстар және басқа да шаралар өткізуді сүйемелдеу ретінде орындағаны үшін – 1 (бүкіл бағдарлама үшін)</p>	өрескел

45.	<p>Кинотеатрларда, бейнесалондарда және басқа қоғамдық орындарда дыбыстау-бейнелеу туындыларын (кино, теле, бейнефильмдер ) көрсету кезінде мәтіні бар немесе мәтіні жоқ музыкалық туындыларды пайдаланғаны үшін келесі авторлық сыйақы мөлшерлемелерінен төмен қолдану:</p> <p>Кинотеатрларда, бейнесалондарда және басқа қоғамдық орындарда дыбыстау-бейнелеу туындыларын (кино, теле, бейнефильмдер) көрсету кезінде мәтіні бар немесе мәтіні жоқ музыкалық туындыларды пайдаланғаны үшін – 1</p>	өрескел
